

ҚР Президентінің қатысуымен өтетін
Үкіметтің кеңейтілген отырысына арналған
2021 жылғы 1-жартыжылдықта АКС іске асыру және
ҚР ҰБ қызметінің қорытындылары туралы тезистер
Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 10 шілде

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Биылғы жылғы 1-ші жартыжылдықтың қорытындысы жалғасып жатқан пандемияның **кезекті толқыны**, коронавирустың **жаңа штамдарының** таралуы аясында, сондай-ақ соларға байланысты қаржы нарығындағы жоғары құбылмалылықпен және тауар нарықтарындағы **теңгерімсіздікпен** қалыптасты.

Осы жағдайларда Ұлттық Банк Сіз 2021 жылға айқындаған **негізгі басымдықтарға** сәйкес іскерлік белсенділікті қалпына келтіруге бағытталған **бейімделген ақша-кредит саясатын** жүргізді.

ҰЛТТЫҚ	БАНКТИҢ	2021	ЖЫЛҒЫ
1-ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ	ҚЫЗМЕТІНІҢ		НЕГІЗГІ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ			

Биылғы жылғы ақпанда Сіздің макроэкономикалық саясатты **үйлестіруді күшейту** бойынша алға қойған міндеттеріңізді іске асыру үшін Ұлттық Банк Үкіметпен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен 2021-2023 жылдарға арналған **келісімге** қол қойды.

Биылғы жылдың басынан бастап жекелеген тұтыну нарықтарындағы **теңгерімсіздік** нәтижесінде **инфляция** биылғы жылғы маусымда **7,9%** болды.

Орта мерзімді перспективада инфляцияны тұрақтандыру мақсатында Ұлттық Банк **биылғы жылғы наурызда** монетарлық негіздерді күшейтуге, қаржы нарығын дамытуға

және экономикада құрылымдық реформалар жүргізуге бағытталған **Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясын** бекітті.

**ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ 2021 ЖЫЛҒЫ
1-ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

Макроэкономикалық орнықтылықты қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк биылғы жылғы 1-ші жартыжылдықта ішкі **валюта нарығындағы тұрақтылықты** қамтамасыз етті, Сіздің тапсырмаңыз бойынша **Жұмыспен қамту – 2021 жол картасын** іске асыруға қосымша **200 млрд.** теңге бөлінді, **Ұлттық қор** мен **БЖЗҚ** активтері бойынша **оң кірістілік қамтамасыз** етілді.

Қаржы секторын цифрландыру бойынша белсенді жұмыс жалғастырылуда. Сіздің тапсырмаңыз бойынша құрылатын **Ұлттық төлем жүйесі** және **«цифрлық теңгені»** енгізу жөніндегі пилоттық жобаны дайындау оның маңызды құрамдас бөліктері болып табылады.

**ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ ӨСУІ МЕН СЫРТҚЫ
КОНЪЮНКТУРАНЫҢ ЖАҚСАРУЫ АЯСЫНДА ӘЛЕМДЕГІ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ҚАЛПЫНА
КЕЛУДЕ**

Вакцинацияның өсуі және сыртқы конъюнктураның жақсаруы аясында әлемде және Қазақстанда **іскерлік белсенділік қалпына келуде.** Соның арқасында **Global PMI индексі** қызмет көрсету, өндіріс және жаңа қызметкерлерді жалдау салаларының өсуі есебінен **15 жылдық ең жоғары көрсеткішке** дейін көтерілді. Өз кезегінде, **Қазақстанда іскерлік белсенділік индексі** осы жылғы маусымда экономиканың барлық секторларының қалпына келуі есебінен

51,6 болып, 2019 жылғы мамырдан бастап **ең жоғары көрсеткішке** жетті.

Сыртқы және ішкі нарықтардағы оң өзгерістерді ескере отырып, Ұлттық Банк биылғы жылғы маусымның басында 2021 жылғы Қазақстан экономикасының өсу болжамын **3,6-3,9%-ке** дейін көтерді. Осыдан кейін **Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ)** Қазақстан экономикасының өсу болжамын да **3,0%-тен 3,6%-ке** дейін жақсартты.

Әлемдік және ұлттық экономиканы одан әрі қалпына келтіру үшін коронавирустың жаңа штамдарының таралуына байланысты **карантин шектеулерін ықтимал күшейту негізгі тәуекелге** айналды.

ӘЛЕМДЕГІ ПРОИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҚЫСЫМНЫҢ КҮШЕЮІ

Әлемдік тауар нарықтарындағы бағаның өсуі фискалдық ынталандырумен бірге **әлемдік сұраныстың тез қалпына келуіне** және тауарлар мен шикізаттың **тапшылығына** әкелді. Дүниежүзілік Банктің мәліметіне сәйкес металдар мен минералдарға, ауыл шаруашылығы шикізатына баға индекстерінің **қарқынды өсуі** түпкі өнімнің **жаппай қымбаттауына** әкеп соғады.

Биылғы жылғы маусымда **ФАО азық-түлік бағаларының индексі 124,6 тармаққа** дейін **2,5 пайыздық тармаққа** төмендегенге дейін **12 ай бойы тұрақты өсіп**, бұрынғыша 2020 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен **34%-ке** жоғары болып отыр.

Іскерлік белсенділіктің бірден қарқын алуы көптеген елдерде экономиканы шамадан тыс қаржыландыру тәуекелін арттырады. Осыған байланысты, дамушы елдердің орталық банктері бағаның өсуі мен инфляциялық күтулерді тежеу үшін **ақша-кредит талаптарын күшейте** бастады.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛАРЫ КҮШТІ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҚЫСЫМҒА ҰШЫРАУДА

Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің экономикасы да елеулі инфляциялық қысымға ұшырауда, соның салдарынан биылғы жылдың басынан бері инфляцияның орта есеппен **1,4 есе** біршама жеделдеуі байқалады. Осы жағдайда Орталық банктер **негізі ставкаларды өсіріп**, биылғы жылдың соңына дейін ақша-кредит талаптарын одан әрі **қатаңдататыны** туралы мәлімдеді. Қазақстанда **базалық ставка 2020 жылғы шілдеден бастап 12 ай ішінде 9,0% деңгейінде сақталды.**

БАҒА КҮРТ ӨСУІ АЯСЫНДА «АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНФЛЯЦИЯСЫН ТОҚТАТУ» БАСЫМДЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

Осы жылғы маусымда **көкөніс бағасы өсуінің біршама жеделдеуі аясында азық-түлік бағасының 10,6%-ке өсуінен инфляция 7,9%-ке дейін жеделдеді.**

Нәтижесінде азық-түлік нарықтарындағы жиілеген теңгерімсіздіктер инфляциялық күтулерге **орнықты сипат беруде**, олар осы жылғы маусымда **тарихи жоғары көрсеткішке – 59%-ке өсті**. Респонденттердің **87%-і азық-түлік өнімдерінің бағасы өскенін атады.**

Осы орайда, бағаның күрт өсуі аясында азық-түлік инфляциясын **«тоқтату»** Үкімет, Ұлттық Банк пен жергілікті атқарушы органдар үшін **негізгі басымдық** болып табылады.

Іскерлік белсенділік пен тұтынушылық сұраныстың **қалпына келуі аясында азық-түлікке жатпайтын және сервистік инфляцияның жеделдеуі қайта басталды**, олар өткен жылы карантин шектелулерінен тежелген болатын.

Баға өсуінің жеделдеуін ескере отырып, Ұлттық Банк **2021 жылдың қорытындысы бойынша инфляция белгіленген таргеттен асып, 2022 жылдың 2-ші жартысында 4-6%-тік** нысаналы дәлізіне оралады деп күтуде.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫНЫҢ ДЕФИЦИТІ 2021 ЖЫЛЫ 1,8 ЕСЕ ҚЫСҚАРАДЫ

Әлемдік тауар нарықтарында конъюнктураның жақсаруын ескере отырып, біздің болжам бойынша, 2021 жылы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін **60 АҚШ доллары** кезінде **ағымдағы шот дефицитінің (-)3,6 млрд. АҚШ долларына дейін 1,8 есе қысқаруы** күтіледі.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНА ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН СҰРАНЫС ТЕҢГЕНІҢ НЫҒАЮЫН ТЕЖЕЙДІ

1-ші жартыжылдықта сыртқы нарықтардың құбылмалылығына қарамастан валюта нарығы айтарлықтай тұрақты болды. Биылғы жылғы маусымның қорытындысы бойынша **теңге бағамы мұнай бағасының 8,4%-ке** өсуі аясында бір АҚШ доллары үшін **424,95** теңгеге дейін **0,9%-ке** нығайды.

Шетел валютасына сұраныстың артуы теңгенің нығайуын тежеуде. 2-ші тоқсаннан бастап **іскерлік белсенділіктің қалпына келуі**, импортқа кейінге қалдырылған сұранысты іске асыру және шетелдік инвесторларға дивидендтік төлемдер есебінен сұраныстың ұлғаюы байқалады. Маусымдағы орташа күндік сауда көлемі 145 млн. АҚШ долларына жетті.

Осы факторларды ескере отырып, **шетел валютасына сұраныстың өсуі және АҚШ долларының жаһандық нығайуы теңгеге елеулі қысым** көрсетуді жалғастыруда.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНДАҒЫ НАРЫҚТЫҚ ИНВЕСТИОРЛАР ҮЛЕСІНІҢ ЕДӘУІР ӨСУІ

Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігінің бірлескен жұмысы нәтижесінде биылғы жылғы 1-ші жартыжылдықта мемлекеттік бағалы қағаздар аукциондарына нарықтық инвесторлардың қатысу үлесі **32,7%-тен 94,3%-ке** дейін **3 есеге** жуық өсті. Жергілікті және халықаралық инвесторлар қатысуының өсуі Қаржы министрлігі үшін **қарыз алу құнының** орташа алғанда **45** базистік тармаққа төмендеуіне ықпал етті.

Бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына және Ұлттық Банктің ноттарына **қосылуы** шамамен **850 млн. АҚШ** долларын құрады.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН БЕРІЛЕТІН ТРАНСФЕРТТЕР ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОМАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ЖАЛҒАСТЫРУДА

Биылғы жылғы 1-ші жартыжылдықта Ұлттық қордың активтері бюджетке **2,1 трлн.** теңге сомасында трансферттер бөлу есебінен **57,5 млрд.** АҚШ долларына дейін төмендеді. Осы уақыттағы түсім **942 млрд.** теңге болды.

Биылғы жылғы 6 айдағы нарықтардың құбылмалылығына қарамастан, Ұлттық қордың кірістілігі **2,5%** немесе **1,5 млрд.** АҚШ доллары мөлшерінде қамтамасыз етілді. Оның **биылғы жылдың соңына қарай 3 млрд.** АҚШ долларына дейін одан әрі өсуі күтілуде.

АЛТЫН БАҒАСЫНЫҢ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҒЫ - РЕЗЕРВТЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫНЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Алтын-валюта резервтері биылғы жылғы бірінші жартыжылдықта **35,1 млрд.** АҚШ долларына дейін **580 млн.** АҚШ долларына төмендеді. **Алтын** портфелі алтын бағасының

7%-тен астам төмендеуі аясында, сондай-ақ **опциондық стратегияларды** орындау шеңберінде алтынды сатуға байланысты **1,8 млрд.** АҚШ долларына қысқарды.

Нәтижесінде жалпы халықаралық резервтер алтын бағасының құбылмалылығына және республикалық бюджетке трансферттерді бөлуіне байланысты **92,6 млрд.** АҚШ долларын құрады.

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ӨСУІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу жөніндегі Сіздің тапсырмаңыз шеңберінде осы құқықты **1,6 трлн.** теңге сомаға **360 мыңға** жуық азамат пайдаланды, оның **98,5%-і** тұрғын үй мәселелерін шешуге тиесілі болды. Осы алып қою қарқынының **төмендеуі** аясында зейнетақы активтері биылғы жылғы маусымның соңында **12,8 трлн.** теңгені құрап, **қалпына келе** бастады. Биылғы жылғы 6 айдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің **кірістілігі** инфляция **4,6%** кезінде **6,1%-ті** құрады.

ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ӨСУІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ФИСКАЛДЫҚ ЫНТАЛАНДЫРУ АЯСЫНДА ЖАЛҒАСУДА

Биылғы жылғы 5 айда **депозиттер 1,6 трлн.** теңгеге өскен **теңгедегі салымдардың** артуы есебінен **24,5 трлн.** теңгеге дейін ұлғайды, бұл валюталық салымдардың өсімінен **2** есе артық.

Жеке тұлғалардың депозиттерін долларландыру, негізінен **50 млн.** теңгеге **дейін салымдар** есебінен соңғы **12** жылдағы ең төменгі деңгейге - **34,8%-ке** дейін жетті.

ЭКОНОМИКАНЫ КРЕДИТТЕУ ҚАРҚЫНЫН БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ АРТТЫРУДА

Экономиканы кредиттеу биылғы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша **15,6 трлн.** теңгеге жетіп, **7%-тік** өсіммен қалпына келтірілуде.

Кәсіпорындарға кредиттер 4,7%-ке, оның ішінде **шағын бизнеске – 12,4%-ке** өсті. Кәсіпорындардың теңгемен берген кредиттері бойынша **орташа алынған ставка 12%-тен 11,5%-ке** дейін **50 базистік тармаққа** төмендеді.

2021-2022 жылдары іскерлік белсенділіктің бұрынғыша қалпына келуі экономиканы **нарықтық қағидаттарда кредиттеудің одан әрі өсуіне** қолайлы жағдайлар жасайды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Биылғы жылғы 1-жартыжылдықта Ұлттық Банк Сіздің дағдарысқа қарсы бастамаларыңызды белсенді түрде жүзеге асыруды жалғастырды.

1. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы бойынша биылғы жылғы 9 шілдеде револьверлік қаржыландыру есебінен **1 трлн.** теңгеге жуық қарыз берілді. Сіздің тапсырмаңыз бойынша бағдарламаны іске асыру мерзімі **2021 жылдың соңына дейін** ұзартылды.

2. Жұмыспен қамту – 2021 жол картасы шеңберінде өткен жылы бөлінген **700 млрд.** теңгеге қоса Ұлттық Банк биылғы жылғы маусымда қосымша **200 млрд.** теңге бөлуді мақұлдады.

3. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша **800 млрд. теңгеден** астам сомаға қарыз берілді, **1,5 трлн.** теңгеге жуық өтінім қабылданды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің дағдарысқа қарсы бастамаларыңыз 2021 жылы да Қазақстан экономикасын белсенді түрде қалпына келтіруге елеулі қолдау көрсетіп келеді.

ҰЛТТЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Қаржы секторын цифрландыру нәтижесінде карталар бойынша қолма-қол ақшасыз транзакциялар биылғы жылғы 5 айда **2,4** есе өсті, онлайн төлемдердің үлесі **82,6%-ке** жетті.

Сіздің тапсырмаңызға сәйкес Ұлттық Банк **Ұлттық төлем жүйесін** құру жобаларын іске асыруды жалғастыруда. Құрылатын **Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі Қазақстандағы барлық ішкі карточкалық транзакцияларды** өңдеуді бір жерге шоғырландыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл **Visa** және **Mastercard** жүйелерімен алдын ала келісілді.

2021 жылғы 1 желтоқсанға жоспарланған **Ұлттық төлем жүйесін пилоттық режимде** іске қосу төлем жүйелерінің **олқылығын жоюды** бастауға мүмкіндік береді және Қазақстандағы төлем нарығының **қауіпсіздігін** қамтамасыз етеді.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Биылғы жылғы 2-жартыжылдықта әлемде сыртқы қаржылық және тауар нарықтарындағы **құбылмалылық пен белгісіздіктің**, сондай-ақ жоғары инфляциялық болжамдардың сақталуы күтілуде. Осы негізгі факторлар қазақстандық экономиканы **қалпына келтірудің** бұдан былайғы траекториясын айқындайтын болады.

Осындай күрделі жағдайда Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп **инфляцияны ұстап тұруға және қаржылық тұрақтылықты**

қамтамасыз етуге қажетті шараларды іске асыруды
жалғастыруға ниеттеніп отыр.

Назарларыңызға рақмет!